

Turkic Weekly

2017/86





TURKIC WEEKLY 2017 35 (86) (23-29 қазан)

Turkic Weekly Түркі әлеміндегі ең маңызды оқиғалардың апталық шолуын ұсынады. **Turkic Weekly** түркітілдес мемлекеттердің ағымдағы өзекті мәселелері бойынша уақтылы ақпарат беріп, объективті талдау жасайды.

Turkic Weekly – Халықаралық Түркі академиясы шығаратын апталық ақпарат-сараптамалық дайджест.



ҚАЗАҚСТАНДА ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ ӨТУ ТУРАЛЫ ЖАРЛЫҚ ҚАБЫЛДАНДЫ

27-ші қазан күні Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 2025 жылға дейін қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы Жарлыққа қол қойды. Ақорда Баспасөз қызметі таратқан хабарға сәйкес, жарлықта Қазақстан Республикасының Үкіметіне қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссия құру, және қазақ тілі әліпбиінің латын графикасына кезең-кезеңімен көшуін қамтамасыз ету тапсырылған. Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелді.

Айта кетерлігі, әліпбидің жаңа нұсқасы бекітілді. Бұдан алдын басқа нұсқа қабылданады деп қарастырылған.

Нұрсұлтан Назарбаевтың бұл идеясы сонау 2006 жылы Қазақстан халықтары ассамблеясының 12-ші сессиясында айтылғанын еске сала кетейік. Араға 6 жыл салып президент «Қазақстан-2050» стратегиялық бағдарламасында 2025 жылға дейін латын әліпбиіне көшуді тапсырған. Ал, осы жылдың сәуір айында Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы жарияланып, онда өзгерістердің кезек күттірмейтін мәселе екені дәйектелген еді..

Көпшілікке бұл қадамның маңызын түсіндірген Нұрсұлтан Назарбаев латын қарпіне көшу орыс тілі мен кириллицадан бас тарту еместігін баса айтқан болатын. Латын әліпбиі тек қазақ тіліне байланысты мәселе. Орысша басылымдар кириллицада шыға береді. Қоғамдағы және Парламенттегі қызу талқылаудан кейін сарапшылар латын графикасына көшу Қазақстанның әлемдік қауымдастықпен ынтымақтастығын үдетеді деген пікірге келген. Латын графикасындағы әліпбиді таңдауда ең алдымен тілдің өзіндік ерекшеліктері мен дыбысталуын сақтап қалуы негізге алынды.

«Қазақстан-2050» жалпыұлттық қозғалысының төрағасы Мұхтар Манкеев бүгінгі технологиялар дәуірінде адамдардың құжаттар мен материалдардың 90% смартфондар, айпадтар мен басқа да планшеттер арқылы жазатынын, осы ретте qwerty пернетақтасы әлемде мойындалғанын, сол себепті қазақстандықтар үшін ыңғайлы болатынын алға тартты. Дегенмен, мамандар әліпби қабылданғанымен де жұмыстың негізгі бөлігі енді басталатынын айтады. Ұлттық комиссияның жаңа стандартқа көшудің қазақ қоғамы үшін ыңғайлы, оңтайлы болуын әрі кезең кезеңімен жүзеге асуын қамтамасыз етуі үшін 8 жыл уақыты бар.



Ш.МИРЗИЕЕВТИҢ ТҮРКИЯҒА МЕМЛЕКЕТТІК САПАРЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

25-26 қазанда Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзиеев Түркия Республикасына мемлекеттік сапармен барды. Сарапшылар бұл сапарды тарихи деп бағалады, өйткені бұл соңғы онжылдықта Өзбекстан басшысының түрік жеруне алғашқы сапары болды.

Түрік және Өзбек БАҚ-тарының жазуынша, Реджеп Тайип Ердоған пен Шавкат Мирзиеев арасындағы келіссөз 25-ші қазанда Анкарада өтті. Шағын және кеңейтілген құрамда өткен кездесулер барысында Өзбекстан мен Түркияның саяси, сауда-экономика, инвестиция, туризм, көлік, логистика, мәдени-гуманитарлық және басқа салалардағы ынтымақтастық мәселелері талқыланды. «Өзбекстан президентінің 20 жыл ішіндегі алғаш сапары біз үшін ерекше маңызға ие. Қазір біздің тауар айналымымыз 1,2 миллиард доллар, бұл жеткіліксіз және біз оны жақын келешекте көбейтеміз. Біз кәсіпкерлерімізге толық қолдау көрсетеміз, ал Өзбекстан маңызды инвестицияларды қолдайды. Құрылыс саласы бойынша әлемдегі екінші орында тұрған ел ретінде біз өз тәжірибемізбен Өзбекстанмен бөліскіміз келеді», - деді Р.Т. Ердоған өз сөзінде.

Келіссөздердің қорытындысы бойынша екі мемлекеттің басшылары Бірлескен мәлімдемеге қол қойды, бұл екі ел арасындағы ынтымақтастықты стратегиялық деңгейде дамытуға ықпал ететін негізгі құжатқа айналды.

Сондай-ақ, экономика, сауда, өнеркәсіп, банк және қаржы, инвестиция, туризм, көлік және логистика, денсаулық сақтау, білім беру, қорғаныс және басқа салалардағы өзара қарым-қатынастарды дамыту бойынша 20-дан астам құжат қабылданғаны туралы хабарланған.

Соның ішінде, виза тәртібін талқылағанда, Ш.Мирзиеев дос әрі бауырлас халықпен арада виза болмайтын күндер туатынына сенім білдіріп, сол бағытта жұмыстар жүргізілетінін атап өтті.

26-шы қазанда Шавкат Мирзиеев Түркияның Ұлы Ұлттық Мәжілісіне барып, онда спикер Исмаил Кахраманмен кездесті. Ұлы Ұлттық Мәжілім төрағасы Өзбекстандағы демократияны нығайту, мемлекет пен қоғам өміріндегі парламенттің ролін арттыру үшін жүргізіліп жатқан реформаларды жоғары бағалады.

Өзбекстан Республикасының Олий Мажлисі мен Түркия Республикасының Ұлы Ұлттық Мәжілісі арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Сонымен бірге. Ш.Мирзиевтің Түркия премьер-министрі Бинали Йылдырыммен кездесуі өтті. Кездесу тараптар екі жақты ынтымақтастықтың ағымдағы жағдайына объективті баға берді, және оны дамытудың басым бағыттарын белгіледі.

Бұдан өзге, 26-шы қазанда Ыстамбұлда екі ел іскер топтарының бизнес-форумы өтті. Онда ірі энергетикалық нысандар мен жол инфрақұрылымдарын салу, тоқыма бұйымдарын, электр техникасын, құрылыс материалдары өндірісін салу, тамақ және агроөнеркәсіп кешеніндегі қазіргі заманғы өндірістерді ұйымдастыру, логистикалық орталықтар құру үшін 3,5 миллиард долларлық 30-дан астам бірлескен жобаны жүзеге асыру туралы келісімге қол қойылды.

Айта кетерлігі, биылғы жылдың алғашқы тоғыз айында екі ел арасындағы тауар айналымы шамамен 30% өскен. Осы ретте өзбек президенті: «Бұл өте аз. Біз жоғары межеге талпынуымыз керек. Көрсеткіш 2-3 миллиард доллар (2016 жылы өзара сауда көлемі 1,2 миллиард доллар болған) емес, шамамен 5-6 миллиард доллар болуы қажет», - деп баса айтты.

Қорытынды баспасөз мәслихатында белгілі болғандай, 2018 жылдың 16-шы наурызынан бастап «Turkish Airlines» Ыстамбұлдан Самарқанға ұшатын рейстерді жоспарлады. Ал, «Узбекистон хаво йуллари» ұлттық әуекомпаниясы болса осы бағытта 30-шы қазаннан бастап тұрақты рейс ашады. Қос мемлекеттік ұлттық әуе тасымалдаушы компаниялары да Анкарада ынтымақтастық меморандумын бекітті.



TWESCO ЖАПОНИЯДА БІРҚАТАР ШАРАЛАР ӨТКІЗДІ

Өткен аптада Халықаралық Түркі академиясының (TWESCO) басшысы Дархан Қыдырәлі бастаған делегация арнайы жұмыс сапарымен Жапонияға барып қайтты. Күншығыс еліне сапар шеңберінде ғылыми шаралар мен бірнеше кездесулер ұйымдастырылды.

Атап айтқанда, 23-ші қазан күні делегация Халықаралық академиялар одағының (UAI) Бас ассамблеясы отырысының ашылу салтанатына қатысты. Алқалы жиынның негізгі сессиясын Одақтың президенті Ойвинд Андерсен мырза құттықтау сөзімен ашты. Сонымен бірге, бұл отырыста ұйымның атқарған іс-шаралары жөнінде Хатшылықтар арнайы есеп дайындап, қатысушыларға ғылыми жобалардың нәтижелерін ұсынды. Одаққа мүшелікке өтуге үміткер-ұйымдар таныстырылып, дауыс беру рәсімі өтті.

Әлемнің белді ғылым ордаларының басшылары мен көрнекті ғалымдардың басын қосқан Ассамблея жұмысы үш күнге созылды. Негізгі сессиялардың бірі «Заманауи Шығыс Азиядағы дін, сауда және халықаралық байланыстар» тақырыбында өтті. Бағдарламаға сәйкес, қатысушылар Жапонияның ғылыми-зерттеу ұйымдарымен танысып, түрлі академиялық лекциялар тыңдады. Сондай-ақ, Одақтың жаңа ғылыми жобалары тыныстырылды. Айта кету керек, TWESCO ғылым саласы бойынша әлемдегі ең жоғарғы құрылым саналатын Халықаралық Академиялар одағына 2015 жылдың маусым айында Брюссельде өткен Бас ассамблея отырысында қабылданған болатын.

Бұдан өзге, Түркі академиясы Токиода Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасына арналған жиын өткізді.

Токио Халықаралық зерттеулер университетінде (TUFS) өткен шарада Академия басшысы Дархан Қыдырәлі «Рухани жаңғыру» бағдарламасының мақсат-маңызына арналған мазмұнды баяндама жасады. Сонымен бірге, университеттің ізденушілері мен студенттерінің көкейде жүрген сұрақтарына жауап берді.

Бұдан кейін Орталық Азия тақырыбын зерттеуші белгілі жапон сарапшылары Кимуа Сатору, Коматсу Хисао, Сакий Хироки, Тецу Акияма мен Шимада Шизуо Елбасы Н.Назарбаевтың аталған бағдарламасының өзектілігіне қатысты пайымды пікірлерін ортаға салды. Сарапшы мамандардың ойынша, бағдарламада көрсетілген міндеттер Қазақстандағы ғылым, мәдениет саласындағы жетістіктерді жаңа сапалы деңгейге көтеруге сеп болмақ.

Сонымен қатар, Токиода Жапония Сыртқы істер министрінің Орталық Азия және Кавказ елдері бойынша арнайы өкілі Тагучи Сейчиро мырзамен және Еуропа істері бойынша бюро бас директорының орынбасары Тошихиро Аики мырзамен кездесулер болды.

Екіжақты кездесулерде Д.Қыдырәлі Академияның қызметі, халықаралық байланыстары мен ғылыми жобалары жөнінде баяндады. Сонымен қатар, тараптар келешекте Күншығыс елінің ғылыми ұйымдарымен ынтымақтастық орнату бойынша пікірлесті. Дипломаттар Академия жобаларына қолдау көрсетуге ықыласты екендіктерін білдірді.

Бұдан бөлек, Токиода Дархан Қыдырәлі Қазақстанның Жапониядағы Уақытша сенімді өкілі Ерғалым Нұрсәлімұлымен және Түркия Республикасының Жапониядағы Төтенше және өкілетті елшісі Ахмет Бюлент Меричпен кездесті.

Құрметті достар! Өздеріңіз білетіндей, Академиямыз түркілердің көне ғибадатханасы - Моңғолиядағы Шивээт Улаанға 2 жыл қатарынан археологиялық қазба жүргізіп келеді. Ол ғибадатхана кімге тиесілі болуы мүмкін? Сол киелі мекеннен табылған Мәңгі таста бейнеленген түркі рулары қандай? Осы және өзге де сұрақтарға жауап алғыңыз келсе, онда түркиялық танымал журналист Ахмет Йешильтепе дайындаған телефильмді көруді ұсынамыз. Айта кетейік, бүгінде NTV телеарнасында қызмет ететін А. Йешильтепе Академия ұйымдастырған халықаралық экспедициялардың белсенді мүшесі.



Түркі академиясы 2010 жылы Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан және Түркия мемлекет басшылары тарапынан құрылды. Академия көне дәуірден қазіргі заманға дейінгі Түркі әлемінің тілдері, мәдениеті және тарихы бойынша жан-жақты зерттеулер жүргізіп, оларды үйлестіретін халықаралық ұйым. Түркі академиясы Түркі әлемін зерттейтін ғылыми-зерттеу және білім беру орталықтары арасында ынтымақтастықты арттыруға ықпал етеді.

www.twesco.org | 57-49-86

**Тәуелсіздік даңғ., 57, Бейбітшілік және келісім сарайы
Астана, 010000 | Қазақстан**

 [@intturkicadem](https://twitter.com/intturkicadem)

 <https://www.facebook.com/Intturkicadem>